

**Балаларға туристік-өлкетану бағытында қосымша білім беру
ұйымдары басшыларының Республикалық үйлестіру кеңесінің
кеңейтілген отырысы**

Ұсынымдар

2015 жылғы 24 қазан

Астана қ.

Туризм және өлкетану құралдары арқылы балалар мен жасөспірімдердің дамуы үшін жағдай жасауға мүмкіндік беретін балаларға қосымша туристік-өлкетану білімін беретін көп деңгейлі құрылым болып табылады.

Балалардың қосымша туристік-өлкетану білімі оқушылардың жеке шығармашылық қабілеттерінің ашылуына және дамуына, білімдік қызығушылықтарын, сонымен қатар өзін-өзі тану және кәсіби айқындалуына мүмкіндік береді.

«100 нақты қадам» Ұлттық жоспарына сәйкес «Үлкен ел - үлкен отбасы» жоба аясында «Жас буын+» жобасы бағыт түзеді. «Мәңгілік ел» жалпыұлттық міндеті мен «Жас буын+» жобасын жүзеге асыру жағдайында балалар-жасөспірімдер туризмін дамыту тұлғаның үйлесімді дамуын қамтамасыз ететін, азаматтық біркелкілік пен толеранттылық мәдениетті, қазақстандық патриотизмді қалыптастыратын, мейлінше тиімді білім беру технологияларының бірі болып табылады.

Туризм саласын дамыту бойынша мемлекет қойған міндеттер аясында ішкі туризмді дамыту басымдылығын ескере отырып, негізгі міндеттердің бірі – балалар туризмі жаңа ұрпаққа адамзаттың өмір бойы жинаған өмірлік тәжірибесін берудің, құндылықтар бағдарын қалыптастыратын, рухани сауығуы мен ұлттың мәдени дамуының маңызды тәсілі ретінде қызмет етеді.

Үйлестіру кеңесі отырысының қатысушылары Қазақстан Республикасында балалар-жасөспірімдер туризмін дамытудың 2015-

2018 жылдарға арналған тұжырымдамалық тәсілдерді іске асыру шеңберінде кең ауқымды мәселелер қарастыра келіп, ұсынымдар жасайды:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі:

1) Қазақстан Республикасы территориясында оқушылармен туристік жорықтар, экспедициялар және саяхаттарды ұйымдастыру және өткізудің нормативтері мен нұсқаулықтарын, туристік-өлкетану бағытындағы ұйымдардың сапасын бағалау және қызметтер нәтижелілігінің критерийлерін әзірлеу (*ҚР Президенті жанындағы Әйелдер ісі және отбасы-демографиялық саясат жөніндегі Ұлттық комиссия отырысының 30.09.2015 ж. №32-60.4 хаттамасы. Мерзімі: 10.10 2016 жыл*);

2) туристік-өлкетану бағытындағы балаларға қосымша білім беру ұйымдарының басшылары мен педагогикалық қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу жұмыстарын жалғастыру;

3) туристік-өлкетану бағытын ұйымдастыруды әдістемелік қолдауды қамтамасыз ететін білім беру мазмұнын жаңғырту бойынша жұмыстарды жалғастыру;

4) Астана қаласының Жас туристер станциясы мен Павлодар қаласының Балалар-жасөспірімдер экология және туризм орталығының тәжірибесін зерделеу және жинақтау;

5) туризм, өлкетану, экологиялық білім пәндері саласында мамандардың біліктілігін арттыру үшін қашықтықтан оқыту әлеуетін пайдалану;

6) «Жас буын+» жобасының аясында Қазақстанның тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған «Ұлы Дала Елі» («Менің Отаным - Қазақстан») туристік экспедициялық отрядтарының жыл сайынғы республикалық слетін өткізуді қарастыру.

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі:

1) - Қазақстан Республикасында балалар-жасөспірімдер туризмін дамытудың 2015-2018 жылдарға арналған тұжырымдамалық тәсілдерін жүзеге асыруды;

- балалар-жасөспірімдер туризмін дамыту саласындағы нормативтік құқықтық базаны жетілдіруді жалғастыру;

2) мемлекеттік-жеке меншік серіктестік негізінде балалар-жасөспірімдер туризмі жүйесін тиімді басқару үшін экономика мен бизнес секторын тарту тетіктерін құрудың мүмкіндіктерін қарастыру.

Жергілікті атқарушы органдар:

1) Балалар-жасөспірімдер туризмін дамыту бойынша Батыс Қазақстан облысының оң тәжірибесін тарату және енгізу (*ҚР Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасы-демографиялық саясат жөніндегі Ұлттық комиссиясының 30.09.2015 ж. отырысының 07.10.2015 жылғы № 32-60.4 хаттамасы. Мерзімі:10.01.2017 ж.*);

2) Ақмола, Алматы, Атырау, Жамбыл, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Маңғыстау облыстарында жас туристер орталықтарын ашу мүмкіндіктерін қарастыру (*ҚР Президенті жанындағы Әйелдер ісі және отбасы-демографиялық саясат жөніндегі Ұлттық комиссиясы отырысының 30.09.2015 жылғы № 32-60.4 хаттамасы. Мерзімі: 10.04.2016 ж.*);

3) жұмысты жалғастыру:

- Қазақстан Республикасында балалар-жасөспірімдер туризмін дамытудың 2015-2018 жылдарға арналған тұжырымдамалық тәсілдерді іске асыру;

- «Жас буын+» жобасы аясында («Менің Отаным – Қазақстан» туристік экспедициялық отрядтардың слеті) «Ұлы Дала Елі» туристік экспедициялық отрядтардың аудандық, облыстық жыл сайынғы жарыстарын өткізу;

- «балабақша – мектеп - қосымша білім - жоо» серіктестігі шеңберінде оқушылардың сабақтан тыс туристік қызметін дамыту;

- мектепке дейінгі, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының базасында туристік бағыттағы алаңдар, үйірмелер ашу;

4) балалар мен жасөспірімдерге қосымша білім берудің туристік-өлкетану бағытын дамытудың тұжырымдамалық тәсілдерін жүзеге асыру мақсатында әлеуметтік әріптестікті қамтамасыз ету және ведомствоаралық үйлестіруді күшейту;

5) туристік-өлкетану бағытындағы үйірмелер желісін дамыту және халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарындағы балаларды оған тарту.

Республикалық үйлестіру кеңесінің мүшелеріне, жас туристер орталықтары мен станцияларының басшылары:

1) өз құзыреті шегінде Үйлестіру кеңесі ұсынымдарын жүзеге асыруды қамтамасыз ету жұмыстарын жалғастыру;

2) туристік-өлкетану қызметіне халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарындағы балаларды тартуды қамтамасыз ету;

3) «Батыс Қазақстан облысының балалар-жасөспірімдер туризмін тиімді дамыту» Батыс Қазақстан облысы туризм және экология облыстық орталығының жинақталған оң тәжірибесін ендіру;

4) ҚР БҒМ РҚББОӘО сайтында, БАҚта жас туристер станциялары мен орталықтары қызметін үнемі жариялап отыру;

5) ұсынымдардың орындалуы туралы ақпаратты 2016 жылғы 1 сәуірге дейін жолдау.